

Қарабалық ауданындағы Шадықсай кен орнының № 902, № 903 ұңғымалары учаскесінде жер асты сулары шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 28 қаңтардағы № 27 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 20 ақпанда № 4025 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қосымшаға сәйкес Қарабалық ауданындағы Шадықсай кен орнының № 902 , № 903 ұңғымалары учаскесінде жер асты сулары шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық
қадағалау комитетінің
Қостанай облысы бойынша
департаменті" мемлекеттік
мекемесінің директоры
_____ Б. Кенжебаев
"Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы
министрлігі Су ресурстарын
пайдалануды реттеу
және қорғау жөніндегі
Тобыл-Торғай бассейндік
инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
_____ Г. Оспанбекова

"Қостанай облысы
әкімдігінің табиғи
ресурстар және
табиғат пайдалануды
реттеу басқармасы"
ММ бастығы
_____ Қ. Төлеубаев
Қарабалық ауданының әкімі
_____ Ф. Филиппов

Әкімдіктің
2013 жылғы 28 қаңтардағы
№ 27 қаулысына
қосымша

**Қарабалық ауданындағы Шадықсай кен орнының № 902, № 903 ұңғымалары
учаскесінде жер асты сулары шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау
аймақтары**

Су тарту көзі- нің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу	
	Шека- расы	Ауданы	Шекарасы	Ауданы	Шекарасы	Ауданы
№ 902, № 903 ұңғы- малар	Радиусі - әр ұңғы- маның айна- ласын-да 50 метр	0,785 гектар	Радиусі - әр ұңғыма- ның айнала- сында 143 метр	6,42 гектар	Радиусі - әр ұңғыма- ның айнала- сында 1015 метр	323,5 гектар

Ескерту: "Қостанай облысының Қарабалық ауданындағы Шадықсай кен орнының № № 902, 903 ұңғымалары учаскесінде жер асты сулары ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары I, II, III белдеулерінің санитарлық-гидрологиялық негіздемесі" жобасының картографиялық

материалында санитарлық қорғау аймақтарының шекаралары көрсетілген (Тапсырыс беруші "Жылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ